

Бейімделу кезеңінде балаға қалай көмектесуге болады.

Сіздің балаңыз балабақшаға келді. Ол үшін жаңа өмір басталды, онда белгісіз нәрсе балаларды қорқытады. Балаңыздың үйдегі күнделікті тәртібін балабақша тәртібіне барынша жақындатуға тырысыңыз. Оның қарым-қатынас жасау қабілетін дамытып, оны тәуелсіз болуға үйретіңіз: қолын өзі жусын, тамағын өзі ішсін, киімін, аяқ киімін өзі киюге тырысып көрсін. Балаңызды балабақшаға жазда немесе қыста, маусымаралық аурулар аз кезде апаруды бастаңыз. Оны бірнеше күн бойы 1-2 сағатқа әкеліп, балабақшада қалатын уақытын біртіндеп арттырыңыз. Сүйікті ойыншығын балабақшаға ала барсын. Бала үшін де, ата-ана үшін де ең қиын сәт – бір-бірінен ажырау.

Ата-ананың өзін дұрыс ұстауының негізі мынадай:

- Бала көрмей тұрған кезде көзден таса болып кетіп қалмаңыз. Онымен қоштасып, қашан келетінін жасырмай айтыңыз.
- Тек балабақшада ғана емес басқа жерлерде де қолдануға болатын қоштасу рәсімін ойлап табыңыз: бетінен сүйу, құшақтау, қол алысу.
- Балаңызды балабақшада қалдыру үшін тәттілер мен ойыншық беріп алдамаңыз.
- Балабақшаға барар жолда балаңызбен оның күні қалай өтетінін талқылаңыз. Мәселен, таңғы асқа қандай дәмді тағамдар берілетіні, қашан серуендейтіні, қандай ойындар ойнайтыны жайында сөйлесіп барыңыз.
- Егер ол бақшада қалғысы келмесе, сөйлесіп көріңіз, бірақ ешбір жағдайда оны жазалаймын деп қорқытып, ұрыспаңыз.

Бала ауырып қалса, қатты эмоцияға берілмеңіз. Аурудан кейін, әсіресе ұзаққа созылып кететін болса, бейімделудің барлық кезеңін қайта бастау керек екенін ескеріңіз.

Балабақшаға үйрену арнайы терапевтік ертегілер мен әңгімелерді жеңілдетуі мүмкін, мысалы, **Катажины Козловскаяның** «Мінез-құлық ережелері. Біз балабақшаға барамыз»; **Ольга Громованың** «Қоян балабақшаға барады»; **Карина Овсепянның** «Мен балабақшаға барамын». Оларды балаңызға оқып, оқығаныңызды талқылаңыз.

Балабақшаға бейімделу – қалыпты жағдай. Балаңызға балабақша туралы дұрыс көзқарас қалыптастырыңыз, оған қолдау көрсетіңіз, сонда үйренуі тез әрі жеңіл өтеді.



Қыздарыңыз бен ұлдарыңызға оңай бейімделуіне тілектеспін!